



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 24 мамыр
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 190-С К
город Нур-Султан

**Іссапар және Министрдің
міндеттерін атқаруды жүктеу туралы**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Бішкек қаласына (Қырғызстан Республикасы) ресми іссапарына қатысу үшін 2022 жылғы 25 мамырдан бастап 26 мамырды қоса алғанда, 2 күндік мерзімге (жолды есепке алғанда) Бішкек қаласына (Қырғызстан Республикасы) қызметтік іссапарға жүремін.

2. Қаржы және бюджеттік жоспарлау департаменті «Нұр-Сұлтан – Бішкек – Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша жолы келісімді рейспен болатындығын ескере отырып, 2 күн тәулікақы және 1 тәулік тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары «Шетелдік іссапарлар» 005 бағдарламасы бойынша төленетіндігі мәліметке алынсын.

3. Іссапар кезеңінде Министрдің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Руслан Нурашевiche Баймишевке жүктелсін.

Министр

К. Өскенбаев



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

2022 жылғы 28 сәуірдегі
№ ДС-149 сауалға

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты Ғ.Ә. Ташқараевқа**

Құрметті Ғани Әбдіғаниұлы!

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздің тоқыма өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындарға қолдау көрсетуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, қосымшаға сәйкес ақпаратты жібереді.

Қосымша: 6 парақ.

**Министрдің міндетін
атқарушы**

Р. Баймишев

Ж. Умаров
☎ 648-579
✉ umarov@miid.gov.kz

Қосымша

1. Шетел валютасының тұрақсыздығына байланысты шикізат құнының қымбаттауы салдарынан мемлекеттік тапсырысты уақтылы орындай алмаған мекемелерді абыройсыз кәсіпкерлер тізіліміне (реестр недобросовестных предпринимателей) енгізуге моратория жариялауға қатысты.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 4-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер енгізіледі.

Бұл ретте, Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12-б. 5-т.).

Өз кезегінде Заңның 45-бабы 2-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгеріс енгізу негіздемелердің толық тізбесі белгіленген.

Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа Заңда көзделмеген өзге де негіздер бойынша өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

Осылайша, өнім берушілер өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарға сай, егер шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапты болмайды.

Өз кезегінде, мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарда, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда, оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болатыны көзделген.

Сіз көтеріп отырған мәселенің заңнамалық нормалармен қамтамасыз етілуіне байланысты жоғарыда баяндалғанның негізінде, тараптарға байланысты емес себептерге байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттары бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелдері болған жағдайда, жоғарыда көрсетілген нормаларды басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

2. Жұмыс пен тапсырыстардың болмауы, салық салымдарының төленбеуі сияқты тұрақсыздық кезінде шоттарды бұғаттауға моратория енгізуге қатысты.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабы 44-тармақшасына сәйкес мемлекеттік кіріс органы – өз құзыреті шегінде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның

қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган.

Салық кодексінің 36-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші салықтық міндеттемені Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауға тиіс.

Салық берешегі өтелмеген жағдайда, салық органдары Салық кодексінің 19-бабы 2-тармағы негізінде салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға міндетті.

Бұл ретте, Салық кодексінің 116-бабы 2-тармағына сәйкес өсімпұлды есепке жазуды қоспағанда, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері тәуекел деңгейі орташа және жоғары салық төлеушілерге салықтық берешегі түзілген күні немесе салық төлеуші тәуекел деңгейі төмен санаттан тәуекел деңгейі орташа немесе жоғары санатқа өткен күні салық төлеуші жатқызылған тәуекел деңгейіне қарай қолданылады.

Сонымен қатар, 2020 жылы елімізде орын алған коронавирустық инфекцияға байланысты «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен 2020 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасының барлық аумағында төтенше жағдай енгізілді, бұл ретте 2020 жылдың 11 мамырында төтенше жағдайдың қолданылуы аяқталды.

«Салық саясаты мәселелері бойынша» экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан әрі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 141 қаулысын 4-тармағына сәйкес микро, шағын және орта бизнес субъектілерінің санатына жатқызылған салық төлеушілер үшін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша төлеу мерзімі 2020 жылғы 1 маусымға дейін кейін қалдырылды және мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету және салық және кеден берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдерін қолдану бөлігінде шаралар қабылдау, сонымен қатар 2020 жылғы 1 маусымға дейін әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі бар, тәуекел дәрежесі жоғары салық төлеушілерді қоспағанда тоқтата тұрылды.

Осылайша, 2020 жылғы 1 маусымнан бастап мемлекеттік кірістер органдары микро, шағын және орта бизнес субъектілеріне қатысты салық берешегін, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдері мен шараларын қолдануды қайта бастады.

Уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған салық төлеушілер үшін Салық кодексінде салықтарды және төлемақыларды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін неғұрлым кеш мерзімге өзгерту мүмкіндігі көзделгенін қосымша хабарлаймыз.

3. Шетелдік тоқыма бұйымдарының отандық өнімнен айтарлықтай арзан бағамен әкелінуін болдырмас үшін шекарада бақылауды күшейтіп, отандық тоқыма бұйымдарын өндірушілерге қолдау көрсетуге қатысты.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша Мемлекеттік кірістер органдары тоқыма бұйымдарын қоса алғанда, әкелінетін тауарлардың кедендік, оның ішінде олардың иелігіндегі ақпарат негізінде бақылауды жүзеге асырады.

Тауарлардың кедендік құнын айқындау және бақылау ЕАЭО Кеден кодексінің 5-тарауына сәйкес, тауарлардың кедендік құнын айқындаудың алты әдісі және «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнына Кедендік бақылау жүргізудің ерекшеліктері туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 27 наурыздағы №42 шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Кедендік құнды бақылау тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

2022 жылдың 1-тоқсанында Қазақстан Республикасына 150 АҚШ млн. доллар сомасына тоқыма өнімі импортталды және кедендік құнды бақылау барысында бюджетке қосымша 323 млн. теңге есептелген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, мемлекеттік кірістер органдарымен кедендік құнға ЕАЭО заңнамасына сәйкес тұрақты бақылау жүргізетінін хабарлаймыз.

Сонымен қатар, әкелінетін тауарлардың құнын төмендету фактілерін болдырмау, бюджетке салықтық немесе өзге де аударымдардың ысырабын жою, отандық өндірушілер мен адал кәсіпкерлерді қолдау және қорғау, сондай-ақ ЕАЭО елдерінен ұқсас тауарларды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына неғұрлым төмен бағалар бойынша жібермеу мақсатында «Өздеріне қатысты ең төмен бағалар деңгейі қолданылатын жекелеген тауарлар түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 882 қаулысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөпарлануда.

4. Тоқыма бұйымдарын өндіру бойынша кешенді жоспар құрылсын. Өнім өндірушілерге өндіріс көлемін ұлғайтуға, жұмысшыларды қайта даярлау мен оқытуға қосымша субсидия бөлуге қатысты.

Министрлік мемлекеттік органдардың (ИИДМ, ҰЭМ, АШМ, БҒМ, ДСМ, АҚДМ, СІМ, ИСМ) бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібін дамытудың 2022 - 2025 жылдарға арналған жол картасын іске асыруда. Жол картасы жеңіл өнеркәсіптің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру, шикізат базасын және шикізатты қайта өңдеуді дамыту, мемлекеттік қолдау шаралары, саланы кадрлық қамтамасыз ету, жеңіл өнеркәсіп тауарларын таңбалау және қадағалау, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін отандық өндірушілердің қуаттарын ұлғайту, инвестициялар тарту, әлемдік тәжірибені енгізу және экспортты дамыту бойынша 70 іс-шараны көздейді.

Бұдан басқа, Министрлікпен Тоқыма саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында мақта-тоқыма кластерін құру жөніндегі жол картасы әзірленді (*Премьер-Министрдің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 38-ө өкімі*).

Жол картаның шеңберінде «Альянс» СӨК (бұрынғы «Ютекс» АҚ, «Меланж» АҚ) және «Azala Textile» ЖШС тоқыма кәсіпорындарын «Оңтүстік» АЭА қосалқы аймақтарына енгізу бойынша жұмыс жүргізілді (*ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 19 ақпандағы № 78 қаулысы*).

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған кәсіпорындар «Оңтүстік» АЭА-ның қатысушысы ретінде мемлекеттік қолдауларды қолдануда.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша, Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде жұмыс берушілердің сұраныстары бойынша еңбек ресурстарының дағдыларын дамыту арқылы халықты жұмыспен қамту бойынша бірқатар шаралар іске асырылуда.

Кәсіптік оқыту жұмыссыздарға кейіннен жұмысқа орналасу үшін қажетті білім мен дағдыларды беруге бағытталған.

Ұлттық жоба аясында жұмыссыздарға келесідей оқыту түрлері ұсынылады: жұмыс берушілердің өтініші бойынша оқу ұйымдарында оқыту, жұмыс берушілерде жұмыс орнында оқыту.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 118-бабына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүргізеді.

Бұдан басқа, ұйымның жұмыс істеуі мен дамуы үшін кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың қажеттілігі мен көлемін жұмыс беруші айқындайды.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – «Атамекен» ҰКП) ақпараты бойынша, «Атамекен» ҰКП 2017 жылдан бастап Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында, сондай-ақ Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында білім беру ұйымдарының тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) жүргізеді.

Бүгінгі күні Тізілімге 848 оқу орталығы енгізілді, олар кәсіпорындар жанында – 368, колледждер жанында – 239, қауымдастықтар жанында – 12, жоғары оқу орындар жанында – 12, дербес – 217 оқу орталығы.

2021 жылы аталған оқу орталықтарында 16,3 мың адам қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтті және 12,9 мың адам жұмысқа орналастырылды, жұмысқа орналастыру деңгейі оқуды аяқтағандар санының 78,9% - ын құрайды.

Оқу аяқтаған тұлғалардың ішінде тоқыма өнеркәсібі бойынша 2427 тігінші, 147 пішуші, 14 тоқушы, 9 тігін жабдығының операторы, 6 киім мен матаны қалпына келтірушілер, 2 тоқу машиналардың операторлары оқуын аяқтап, жұмысқа орналастырылды. Нәтижесінде тоқыма өнеркәсібінде жұмысқа орналастыру деңгейі оқуды аяқтағандар санының 84,6% - ын құрады.

2022 жылға қысқа мерзімді кәсіптік оқыту орталықтарында 11 мың адамды оқыту көзделіп отыр.

5. Ішкі нарықта тауарларлы жарнамалауға көмек көрсетуге қатысты.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1164 бұйрығымен бекітілген Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларына аяқ киімді таңбалауға байланысты жеңіл өнеркәсіп субъектілерін шығындары мен сертификаттау кезінде келтірілген шығындар бойынша өтеу көзделген.

Кәсіпорындарға өтеуге ұсынылатын соманың 50% мөлшерінде, бірақ одан аспайтын негізделген және құжатпен расталған шығындар өтеледі:

- Сертификаттау кезінде келтірілген шығындар бойынша бір субъектіге 3 000 АЕК;

- Аяқ киімді таңбалау кезіндегі шығындар бойынша бір субъектіге 10 000 АЕК.

Бұған дейін Министрлік аталған Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде сауда алаңдарын жалға алу шығындарын, жәрмеңкелерге, жарнамаға және т. б. шығындарды өтеуді көздеген болатын.

Алайда, Қағидалар жобасын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісу кезінде бұл норма қолдау таппады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібін дамытудың 2022 - 2025 жылдарға арналған жол картасының шеңберінде жеңіл өнеркәсіп тауарларын қазақстандық өндірушілердің және олардың брендтерінің оң имиджін қалыптастыру бойынша, оның ішінде мемлекеттік арналарда трансляциялау арқылы ақпараттық науқан өткізу қарастырылғанын хабарлаймыз.

7. «Самұрық-Қазына» қорында тоқыма бұйымдарына қатысты тендерлерде қолданылатын ресейлік стандарттардың орнына жалпы мемлекеттік стандарттар әзірлеуге қатысты.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің ақпараты бойынша, «Стандарттау туралы» 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 27-бабының 1-тармағына сәйкес халықаралық, өңірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасының аумағында оларды ұлттық және мемлекетаралық стандарттар ретінде қабылдау арқылы қолданылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері осы Заңның 16-бабы 2-тармағының және осы баптың 2-тармағының талаптарын ескере отырып, стандарттау жөніндегі ұлттық органға тиісті хабарлама жібере отырып, ұйымдардың мақсаттарын іске асыру үшін халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдана алады.

Бүгінгі күні тоқыма өнімдері бойынша 96 ұлттық стандарт әзірленді және қолданыста.

Сонымен бірге, Заңның 22-бабына сәйкес ұлттық стандарттарды әзірлеу ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес және (немесе) бастамашылық тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген Ұлттық стандарттау жоспарын әзірлеу қағидаларына сәйкес стандарттау жөніндегі ұлттық жоспарды стандарттау жөніндегі ұлттық орган:

1) мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің және басқа да мүдделі тараптардың ұсыныстары;

2) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің (бұдан әрі – техникалық комитеттер) жұмыс жоспарлары;

3) стандарттау жөніндегі қолданыстағы құжаттарды алдын ала талдауды және ұлттық стандарттарды әзірлеуге қажеттілікті ескере отырып, техникалық регламенттерге өзара байланысты стандарттардың тізбесін кеңейту;

4) стандарттау саласындағы мониторинг нәтижелері;

5) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына жауап беретін өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

2022 жылғы стандарттау жөніндегі Ұлттық жоспар шеңберінде ISO халықаралық стандарттары негізінде 42 стандарт әзірлеу көзделген.

Қолданыстағы заңнама стандарттарды әзірлеуде Техникалық реттеу субъектілерін шектемейтіндіктен, отандық кәсіпорындар ұлттық стандарттарды бастамашылық тәртіппен әзірлеуге немесе Ұлттық стандарттау жоспарының жобасын қарау және оған енгізу мүмкіндігі үшін өз ұсыныстарын «Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК мекен-жайына жіберуге мүмкіндігі бар.